

"Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдар саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2016 жылғы 25 қазандағы № 72 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 9 қарашадағы № 471 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2018 жылғы 30 қарашадағы № 97/ке және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 4 желтоқсандағы № 94 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 5 желтоқсанда № 17865 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдар саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2016 жылғы 25 қазандағы № 72 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 9 қарашадағы № 471 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14509 болып тіркелген, 2016 жылғы 29 желтоқсанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бекітілсін:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдар салаларындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес ақпараттарды криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты тексеру парағы;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес ақпараттың таралып кетуіне жол беретін техникалық арналарды және жедел- іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралды анықтау бойынша қызмет көрсету саласындағы қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты тексеру парағы;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды әзірлеу және өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты тексеру парағы;

5) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды жөндеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты тексеру парағы."

аталған бірлескен бұйрықпен бекітілген ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдар салаларындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

аталған бірлескен бұйрықпен бекітілген 2-қосымша осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 3, 4 және 5-қосымшаларға сәйкес 3, 4 және 5-қосымшалармен толықтырылсын

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Ақпарат және киберқауіпсіздік қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары Д.Е. Ерғожинға жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі

Т. Сүлейменов

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының
Бас прокуратурасы Құқықтық
статистика және арнайы есепке
алу жөніндегі комитеті

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

Төрағасының
2018 жылғы 30 қарашадағы
№ 97/қе және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2016 жылғы 4 желтоқсандағы
№ 94 бірлескен бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының
2016 жылғы 25 қазандағы
№ 72 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2016 жылғы 9 қарашадағы
№ 471 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдар салаларындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдар (бұдан әрі –АТҚ) салаларындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі –Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі 141-бабының 2 және 3-тармақтарына, 143-бабының 1-тармағына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушысының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларының 2-тармағына сәйкес бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу мақсатында әзірленген.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау субъектілері (объектілері) –ақпараттық қауіпсіздікті және жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған АТҚ қамтамасыз ету саласындағы қызметті жүзеге асыратын лицензиаттар;

2) елеулі бұзушылық – ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған АТҚ салаларындағы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптардың бұзылуы, атап айтқанда мынадай белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келмеу: журналдарының болмауы немесе белгіленген біліктілік талаптарға сәйкес келмеуі, есепті ұсынбау немесе есептің

белгіленген нысанға сәйкес келмеуі, әзірленген және бекітілген әдістемелердің болмауы, техникалық іздестіру құралдарын беру тәртібінің бұзылуы, сондай-ақ әзірленген, өткізілген және жөнделетін АТҚ-ны және оған қатысты құжаттамаларды үшінші адамдарға беру;

3) болмашы бұзушылық – ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған АТҚ салаларындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптардың бұзылуы, оның ішінде электрондық форматта деректерді қате ұсыну, үшінші адамдарға лицензиардың келісімінсіз тұрақты немесе уақытша пайдалануға әзірленген әдістемелерді беру, АТҚ әзірлеу, өндіру, сатып алу, өткізу және жөндеу шарттарын бұзу;

4) өрескел бұзушылық – "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексында көзделген әкімшілік жауапкершілікті талап ететін ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған АТҚ салаларындағы нормативтік құқықтық актілермен белгіленген талаптардың бұзылуы, атап айтқанда мынадай біліктілік талаптарына сәйкес келмеу: маманның болмауы, арнайы бөлінген өндіріс үй-жайының болмауы, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтермен жұмыс жүргізуге рұқсаттың болмауы, ең аз қажетті жабдықтың болмауы, лицензиарға хабарлау тәртібінің бұзылуы;

5) тәуекел – бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы;

6) тәуекелдерді бағалау жүйесі – бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды белгілеу мақсатында бақылау органы жүргізетін іс-шаралар кешені;

7) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланыссыз бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

8) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектісінің (объектісінің) қызметі нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

9) тексеру парағы – бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптарды қамтитын талаптар тізбесі.

2-тарау. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу тәсілдері

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттар арқылы қалыптастырылады.

1-параграф. Объективті өлшемшарттар

4. Объективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілері (объектілері) лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыру мерзіміне байланысты жоғары және жоғары тәуекел дәрежесіне бөлінеді:

1) жоғары тәуекел дәрежесіне ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жедел іздестіруіс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдар салаларындағы тиісті лицензияны үш жылдан кем иеленген бақылау субъектілері (объектілері) жатады ;

2) жоғары тәуекел дәрежесіне ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жедел іздестіруіс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдар салаларындағы тиісті лицензияны үш жылдан аса иеленген бақылау субъектілері (объектілері) жатады.

Объективті өлшемшарттар бойынша жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу мақсатымен субъективті өлшемшарттар қолданылады.

2-параграф. Субъективті өлшемшарттар

5. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай:

1) деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;

2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

6. Деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдар салаларындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын бақылау субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін қажет.

7. Тәуекелдер дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны;

2) бұрынғы тексерулер және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері;

3) осы Өлшемшарттарға қосымшаға сәйкес бақылау субъектісі (объектісі) ұсынатын есептілік және мәліметтерді мониторингтеу нәтижелері.

8. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің мерзімділігі субъективті өлшемшарттар бойынша алынатын мәліметтерге жүргізілетін талдау мен бағалаудың нәтижелері бойынша айқындалады және жылына бір реттен артық болмайды.

9. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Кодекстің 141-бабының 3-тармағына сәйкес құрылатын бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жарты жылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

10. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау тізімдері субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің барынша жоғары көрсеткіші бар бақылау субъектісінің басымдығы ескеріле отырып жасалады.

3-тарау. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу тәртібі

11. Ықтимал тәуекел мен проблеманың маңыздылығына, бұзушылықтың біржолғы немесе жүйелі сипатына, әрбір ақпарат көзі бойынша бұрын қабылданған шешімдерді талдауға байланысты реттеуші мемлекеттік органның тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына сәйкес бұзушылық дәрежесіне – өрескел, елеулі және болмашы дәрежелерге сәйкес келетін субъективті өлшемшарттар айқындалады.

Субъективті өлшемшарттарды қалыптастыру кезінде бұзушылық дәрежесі (өрескел, елеулі, болмашы) өрескел, елеулі, болмашы бұзушылықтардың белгіленген анықтамаларына сәйкес беріледі.

12. Бір өрескел бұзушылық анықталған жағдайда бақылау субъектісіне тәуекел дәрежесінің 100 көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты ерекше тәртіп бойынша тексеру немесе бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Егер өрескел бұзушылық анықталмаса, онда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін анықтау үшін елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткіш есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7$$

мұнда:

SP_3 – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_1 – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP_2 – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны;

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_H = (SP_2 \times 100/SP_1) \times 0,3$$

мұнда:

SP_H – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_1 – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP_2 – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны;

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_H$$

мұнда:

SP – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

SP_3 – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_H – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдар салаларындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына қосымша

| № | Өлшемшарттар | Бұзушылық дәрежесі |
|---|---|--------------------|
| | Ақпараттарды криптографиялық қорғау құралдарын (бұдан әрі – АҚҚҚ) әзірлеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектісі (объектісі) үшін тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары | |
| | 1. Расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны | |
| 1 | АҚҚҚ әзірлеу бойынша қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты расталған шағымдар мен өтініштердің болуы | өрескел |
| | 2. Бұрынғы тексерістердің нәтижелері (ауырлық дәрежесі төмендегідей талаптардың сақталмау жағдайында белгіленеді) | |
| 1 | Техникалық немесе физика-математика мамандығы бойынша жоғары білімі бар маманның болуы | өрескел |
| 2 | Мәлімделген қызмет түрін жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген үй-жайдың болуы(меншік құқығында немесе өзге заңды негізде) | өрескел |
| 3 | Ү й - ж а й : терезелері темір тормен (егер үй-жай бірінші немесе соңғы қабаттарда орналасса); | елеулі |

| | | |
|---|---|---------|
| | автоматтандырылған күзет және өрттен қорғау сигнализациясы жүйелерімен; құлыпталатын және мөрленетін темір есіктермен; мөрленетін кемінде бір темір шкафпен жабдықталған | |
| 4 | әзірленген АҚҚ-ы есепке алу журналдарының болуы және сәйкес келуі | елеулі |
| 3. Бақылау субъектісі (объектісі) ұсынатын есептілік және мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері | | |
| 1 | Әзірленген АҚҚ туралы жыл сайынғы есепті ұсынбау | елеулі |
| 2 | Лицензия р д ы : міндеттемелерді орындауды бастағанға дейін кемінде бес жұмыс күні бұрын АҚҚ-ны әзірлеуге жасалған келісімшарттар (шарттар); әзірленгеннен кейін бес жұмыс күнінен асырмай дербес (өз қаражаты есебінен) әзірленген АҚҚ туралы уақтылы хабарламау | елеулі |
| Ақпараттың таралып кетуіне жол беретін техникалық арналарды және жедел- іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған АТҚ-ны анықтау бойынша қызмет көрсету саласындағы қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектісі (объектісі) үшін тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары | | |
| 1. Расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны | | |
| 1 | Ақпараттың таралып кетуіне жол беретін техникалық арналарды және жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған АТҚ-ны анықтау бойынша қызмет көрсету саласындағы қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты расталған шағымдар мен өтініштердің болуы | өрескел |
| 2. Бұрынғы тексерістердің нәтижелері (ауырлық дәрежесі төмендегідей талаптардың сақталмау жағдайында белгіленеді) | | |
| 1 | Жоғары немесе орта кәсіптік техникалық білімі бар маманның болуы | өрескел |
| 2 | Қажетті іздестіру техникалық құралдарының ең аз түрлерінің болуы: желілік емес локаатор (желілік емес ауысулардың детекторы); көп функционалды іздестіру аспабы; ұтқыр/тұрақты радиомониторинг кешені, сканерлейтін радиоқабылдағыш құрылғы; көтеріп жүруге лайықталған радиопеленгатор; жасырын бейне камераларды тапқыш; с т е т о с к о п ; тексеріп қарау айналарының жиынтығы және эндоскоп; сым-өткізгіш желілерді талдаушы; тепловизор | өрескел |
| 3 | Мәлімделген қызмет түрін жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген үй-жайдың болуы (меншік құқығында немесе өзге заңды негізде) | өрескел |
| 4 | Ү й - ж а й : терезелері темір тормен (егер үй-жай бірінші немесе соңғы қабаттарда орналасса); автоматтандырылған күзет және өрттен қорғау сигнализациясы жүйелерімен; құлыпталатын және мөрленетін темір есіктермен; мөрленетін кемінде бір темір шкафпен жабдықталуы | елеулі |
| 5 | Лицензиатқа қойылатын қосымша талаптар: әзірлеген және лицензиармен келісім бойынша лицензиат бекіткен ақпарат таралып кететін техникалық арналарды бойынша жұмыс жүргізу әдістемесінің және үй-жайлар мен техникалық құралдарда жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған АТҚ-ның; үй-жайлар мен техникалық құралдардың ақпараттың техникалық арналар бойынша таралып кетуінен қорғалу тиімділігін бағалау әдістемесінің болуы | елеулі |
| 6 | Қызмет көрсету бойынша жасалған шарттарды (келісімшарттарды) есепке алу журналының, техникалық іздестіру құралдарын есепке алу журналының болуы және сәйкес келуі | елеулі |
| | | |

| | | |
|--|---|---------|
| 7 | Техникалық іздестіру құралдарын үшінші тұлғаларға тұрақты немесе уақытша пайдалануға тек лицензиардың келісімімен беру | елеулі |
| 8 | Әзірленген әдістемелерді үшінші тұлғаларға тұрақты немесе уақытша пайдалануға тек лицензиардың келісімімен беру | болмашы |
| 3. Бақылау субъектісі (объектісі) ұсынатын есептілік және мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері | | |
| 1 | Л и ц е н з и а р ғ а : жұмыстарды орындауды бастағанға дейін кемінде бес жұмыс күні бұрын ақпарат таралып кететін техникалық арналарды және АТҚ-ны анықтау жөніндегі қызмет көрсету бойынша (оның ішінде лицензиаттың өз мұқтаждықтарын қамтамасыз ету мақсатында) жасалған келісім шарттар (шарттар) туралы; анықтау фактісінен кейін үш жұмыс күні ішінде қызмет көрсету барысында анықталған АТҚ туралы уақтылы хабарламау | өрескел |
| 2 | Ақпарат таралып кететін техникалық арналарды және АТҚ-ны анықтау бойынша көрсетілген қызметтер бойынша жыл сайынғы есепті ұсынбау | елеулі |
| Жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған АТҚ әзірлеу, өндіру, жөндеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектісі (объектісі) үшін тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары | | |
| Жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған АТҚ әзірлеу және өндіру жөніндегі қызметтің кіші түрі | | |
| 1. Расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны | | |
| 1 | Жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған АТҚ әзірлеу және өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты расталған шағымдар мен өтініштердің болуы | өрескел |
| 2. Бұрынғы тексерістердің нәтижелері (ауырлық дәрежесі төмендегідей талаптардың сақталмау жағдайында белгіленеді) | | |
| 1 | Жоғары техникалық білімі бар маманның болуы | өрескел |
| 2 | Қажетті техникалық құралдар мен бақылау-өлшеу жабдықтарының ең аз түрлерінің б о л у ы : м у л ь т и м е т р ; о с ц и л л о г р а ф ; в о л ь т м е т р ; а м п е р м е т р ; ж и і л і к ө л ш е г і ш ; жоғары жиілікті сигналдардың генераторы; төменгі жиілікті сигналдардың генераторы; ток күші мен кернеуі реттелетін тұрақты ток көзі; реттелетін айнымалы кернеу көзі (автотрансформатор); ө р і с и н д и к а т о р ы ; дәнекерлейтін станция | өрескел |
| 3 | АТҚ саласында мәлімделген қызмет түрін жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген өндіріс үй-жайының болуы (меншік құқығында немесе өзге заңды негізде) | өрескел |
| 4 | Ү й - ж а й : терезелері темір тормен (егер үй-жай бірінші немесе соңғы қабаттарда орналасса); автоматтандырылған күзет және өрттен қорғау сигнализациясы жүйелерімен; құлыпталатын және мөрленетін темір есіктермен; мөрленетін кемінде бір темір шкафпен жабдықталуы | елеулі |
| 5 | Әзірленген және өндірілген АТҚ есепке алу журналының болуы және сәйкес болуы | елеулі |
| АТҚ-ы әзірлеуді келесі шарттармен жүзеге асыру: АТҚ-ы әзірлеуге жасалатын келісімшарттар (шарттар) туралы лицензиарды а қ п а р а т т а н д ы р у ; жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын орган бекіткен және лицензиармен келісілген | | |

| | | |
|---|---|---------|
| 6 | АТҚ әзірлеуге техникалық тапсырманың болуы; лицензиарға әзірленген АТҚ-ның үлгісін ғылыми-техникалық сараптама жүргізу үшін ұсыну | елеулі |
| 7 | АТҚ өндіруді мынадай шарттармен жүзеге асыру: АТҚ өндіруге жасалатын келісімшарттар (шарттар) туралы лицензиарды ақпараттандыру; жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын орган бекіткен және лицензиармен келісілген өндірілетін АТҚ-ға конструкторлық құжаттаманың болуы; АТҚ-ның тәжірибелік үлгісіне ғылыми-техникалық сараптама жүргізу қорытындылары бойынша лицензиардың оң қорытындысының болуы | елеулі |
| 8 | Меншік нысанына қарамастан үшінші тұлғаларға әзірленген АТҚ-ны, сондай-ақ оған қатысты құжаттамаларды лицензиармен келісім бойынша тұрақты немесе уақытша пайдалануға беру | елеулі |
| 3. Бақылау субъектісі (объектісі) ұсынатын есептілік және мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері | | |
| 1 | АТҚ саласында мәлімделген қызмет түрі бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтермен жұмыс жүргізуге Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары беретін рұқсаттың болмауы | өрескел |
| 2 | Әзірленген және өндірілген АТҚ туралы есепті жарты жылда бір рет ұсынбау | елеулі |
| Жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған АТҚ жөндеу және өткізу жөніндегі қызметтің кіші түрі | | |
| 1. Расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны | | |
| 1 | Жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған АТҚ жөндеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты расталған шағымдар мен өтініштердің болуы | өрескел |
| 2. Бұрынғы тексерістердің нәтижелері (ауырлық дәрежесі төмендегідей талаптардың сақталмау жағдайында белгіленеді) | | |
| 1 | Жоғары техникалық білімі бар маманның болуы | өрескел |
| 2 | Қажетті техникалық құралдар мен бақылау-өлшеу жабдықтарының ең аз түрлерінің б о л у ы : м у л ь т и м е т р ; о с ц и л л о г р а ф ; в о л ь т м е т р ; а м п е р м е т р ; ж и і л і к ө л ш е г і ш ; жоғары жиілікті сигналдардың генераторы; төменгі жиілікті сигналдардың генераторы; ток күші мен кернеуі реттелінетін тұрақты ток көзі; реттелетін айнымалы кернеу көзі (автотрансформатор); ө р і с и н д и к а т о р ы ; дәнекерлейтін станция | өрескел |
| 3 | АТҚ саласында мәлімделген қызмет түрін жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген үй-жайдың болуы (меншік құқығында немесе өзге заңды негізде) | өрескел |
| 4 | Ү й - ж а й : терезелері темір тормен (егер үй-жай бірінші немесе соңғы қабаттарда орналасса); автоматтандырылған күзет және өрттен қорғау сигнализациясы жүйелерімен; құлыпталатын және мөрленетін темір есіктермен; мөрленетін кемінде бір темір шкафпен жабдықталуы | елеулі |
| 5 | Жөнделген және өткізілген АТҚ есепке алу журналының болуы | елеулі |
| 6 | Л и ц е н з и а р д ы : АТҚ сатып алуға және өткізуге жасалатын келісімшарттар (шарттар) туралы; АТҚ жөндеуге жасалатын келісімшарттар (шарттар) туралы дер кезінде хабарландыру | елеулі |

| | | |
|--|--|---------|
| 7 | Меншік нысанына қарамастан үшінші тұлғаларға тек лицензиардың келісімімен тұрақты немесе уақытша пайдалануға өткізілетін немесе жөнделетін АТҚ, сондай-ақ оған қатысты құжаттамаларды беру | елеулі |
| 3. Бақылау субъектісі (объектісі) ұсынатын есептілік және мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері | | |
| 1 | АТҚ саласында мәлімделген қызмет түрі бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтермен жұмыс жүргізуге Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары беретін рұқсаттың болмауы | өрескел |
| 2 | Өткізілген АТҚ туралы тоқсандық есепті және жөнделген АТҚ туралы жылсайынғы есепті ұсынбау | елеулі |

Қазақстан Республикасы
 Ұлттық қауіпсіздік комитеті
 Төрағасының
 2018 жылғы 30 қарашадағы
 № 97/ке және
 Қазақстан Республикасы
 Ұлттық экономика министрінің
 2018 жылғы № 4 желтоқсандағы
 № 94 бірлескен бұйрығына
 2-қосымша
 Қазақстан Республикасы
 Ұлттық қауіпсіздік комитеті
 Төрағасының
 2016 жылғы 25 қазандағы
 № 72 және
 Қазақстан Республикасы
 Ұлттық экономика министрінің
 2016 жылғы 9 қарашадағы
 № 471 бірлескен бұйрығына
 2-қосымша

Ақпараттарды криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты тексеру парағы

(Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес)

Ақпараттарды криптографиялық қорғау құралдарын (бұдан әрі - АКҚК) әзірлеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты (тексерілетін субъектілердің (объектілердің) біртекті тобының атауы) Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/ профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт

(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі), бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

| № | Талаптар тізбесі | Талап етіледі | Талап етілмейді | Талаптарға сәйкес | Талаптарға сәйкес емес |
|----|---|---------------|-----------------|-------------------|------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Техникалық немесе физика-математика мамандығы бойынша жоғары білімі бар маманның болуы | | | | |
| 2. | АКҚҚ саласында мәлімделген қызмет түрін жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген үй-жайдың болуы (меншік құқығында немесе өзге заңды негізде) | | | | |
| 3. | Үй - ж а й : терезелері темір тормен (егер үй-жай бірінші немесе соңғы қабаттарда орналасса); автоматтандырылған күзет және өрттен қорғау сигнализациясы жүйелерімен; құлыпталатын және мөрленетін темір есіктермен; мөрленетін кемінде бір темір шкафпен жабдықталуы | | | | |
| 4. | Әзірленген АКҚҚ-ны есепке алу журналдарының болуы | | | | |

Лауазымды адам (адамдар) _____
лауазымы ҚОЛЫ

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Бақылау субъектісінің басшысы _____

лауазымы ҚОЛЫ

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының
2018 жылғы 30 қарашадағы
№ 97/қе және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 4 желтоқсандағы
№ 94 бірлескен бұйрығына
3-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының
2016 жылғы 25 қазандағы
№ 72 және

**Ақпараттың таралып кетуіне жол беретін техникалық арналарды және жедел-
іздістіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралды
анықтау бойынша қызмет көрсету саласындағы қызметті жүзеге асыратын
бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты тексеру парағы**

(Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес)

Ақпараттың таралып кетуіне жол беретін техникалық арналарды және жедел-
іздістіру

іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралды (бұдан әрі - АТҚ)
анықтау бойынша қызмет көрсету саласындағы қызметті жүзеге асыратын бақылау
субъектісіне (объектісіне) қатысты (тексерілетін субъектілердің (объектілердің)
біртекті тобының атауы)

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/ профилактикалық
бақылауды тағайындау туралы акт

(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

—

Бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі), бизнес-
сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

| № | Талаптар тізбесі | Талап етіледі | Талап етілмейді | Талаптарға сәйкес | Талаптарға сәйкес емес |
|----|--|---------------|-----------------|-------------------|------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Жоғары немесе орта кәсіптік техникалық білімі бар маманның болуы | | | | |
| | Іздістіру техникалық құралдардың ең аз түрлерінің болуы: желілік емес локаатор (желілік емес ауысулардың детекторы); көп функционалдық іздістіру аспабы; ұтқыр/тұрақты радиомониторинг кешені, сканерлейтін радиоқабылдағыш құрылғы; | | | | |

| | | | | | |
|----|--|--|--|--|--|
| 2. | көтеріп жүруге лайықталған радиопеленгатор; жасырын бейне камераларды тапқыш; стетоскоп; тексеріп қарау айналарының жиынтығы және эндоскоп; сым-өткізгіш желілерді талдаушы; тепловизор | | | | |
| 3. | Іздестіру қызметі саласында мәлімделген қызмет түрін жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген үй-жайдың болуы (меншік құқығында немесе өзге заңды негізде) | | | | |
| 4. | Үй - ж а й : терезелері темір тормен (егер үй-жай бірінші немесе соңғы кабаттарда орналасса); автоматтандырылған күзет және өрттен қорғау сигнализациясы жүйелерімен; құлыпталатын және мөрленетін темір есіктермен; мөрленетін кемінде бір темір шкафпен жабдықталуы | | | | |
| 5. | Лицензиатқа қойылатын қосымша талаптар: әзірленген және лицензиармен келісім бойынша лицензиат бекіткен ақпарат таралып кететін техникалық арналарды және үй-жайларда және техникалық құралдарда жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған АТҚ-ны анықтау бойынша жұмыс жүргізу әдістемесінің; ақпараттың техникалық арналар бойынша таралып кетуінен қорғалғандығы тиімділігін бағалау әдістемесінің болуы | | | | |
| 6. | Қызмет көрсету бойынша жасалған шарттарды (келісімшарттарды) есепке алу журналының, техникалық іздестіру құралдарын есепке алу журналының болуы және сәйкес келуі | | | | |
| 7. | Техникалық іздестіру құралдарын үшінші тұлғаларға тұрақты немесе уақытша пайдалануға тек лицензиардың келісімімен беру | | | | |
| 8. | Әзірленген әдістемелерді үшінші тұлғаларға тұрақты немесе уақытша пайдалануға тек лицензиардың келісімімен беру | | | | |

Лауазымды адам (адамдар) _____

лауазымы

қолы

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Бақылау

субъектісінің басшысы _____

лауазымы

қолы

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының
2018 жылғы 30 қарашадағы
№ 97/қе және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің

2018 жылғы 4 желтоқсандағы
№ 94 бірлескен бұйрығына
4-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының

2016 жылғы 25 қазандағы
№ 72 және

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2016 жылғы 9 қарашадағы
№ 471 бірлескен бұйрығына
4-қосымша

Жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды әзірлеу және өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты тексеру парағы

(Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес)

Жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды (бұдан әрі – АТҚ) әзірлеу және өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты (тексерілетін субъектілердің (объектілердің) біртекті тобының атауы)

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/ профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт

(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі), бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

| № | Талаптар тізбесі | Талап етіледі | Талап етілмейді | Талаптарға сәйкес | Талаптарға сәйкес емес |
|----|---|---------------|-----------------|-------------------|------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Жоғары техникалық білімі бар маманның болуы | | | | |
| | Қажетті техникалық құралдар мен бақылау-өлшеу жабдықтарының ең аз түрлерінің болуы: | | | | |

| | | | | | |
|----|--|--|--|--|--|
| 2. | <p>мультиметр; осциллограф; вольтметр; амперметр; жиілік өлшегіш; жоғары жиілікті сигналдардың генераторы; төменгі жиілікті сигналдардың генераторы; ток күші мен кернеуі реттелінетін тұрақты ток көзі; реттелетін айнымалы кернеу көзі (автотрансформатор); өріс индикаторы; дәнекерлейтін станция</p> | | | | |
| 3. | <p>Мәлімделген қызмет түрін жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген өндіріс үй-жайының болуы (меншік құқығында немесе өзге заңды негізде)</p> | | | | |
| 4. | <p>Үй - ж а й : терезелері темір тормен (егер үй-жай бірінші немесе соңғы қабаттарда орналасса); автоматтандырылған күзет және өрттен қорғау сигнализациясы жүйелерімен; құлыпталатын және мөрленетін темір есіктермен; мөрленетін кемінде бір темір шкафпен жабдықталуы</p> | | | | |
| 5. | <p>Әзірленген және өндірілген АТҚ есепке алу журналының болуы</p> | | | | |
| 6. | <p>АТҚ-ы әзірлеуді мынадай шарттармен жүзеге асыру: АТҚ-ны әзірлеуге жасалатын келісімшарттар (шарттар) туралы лицензиарды ақпараттандыру; жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын орган бекіткен және лицензиармен келісілген АТҚ-ны әзірлеуге техникалық тапсырманың болуы; лицензиарға әзірленген АТҚ-ның үлгісін ғылыми-техникалық сараптама жүргізу үшін ұсыну тиіс</p> | | | | |
| 7. | <p>АТҚ өндіруді мынадай шарттармен жүзеге асыру: АТҚ-ы өндіруге жасалатын келісімшарттар (шарттар) туралы лицензиарды ақпараттандыру; жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын орган бекіткен және лицензиармен келісілген өндірілетін АТҚ-ға конструкторлық құжаттаманың болуы; АТҚ-ның тәжірибелік үлгісіне ғылыми-техникалық сараптама жүргізу қорытындылары бойынша лицензиардың оң қорытындысының болуы</p> | | | | |
| 8. | <p>Меншік нысанына қарамастан үшінші тұлғаларға тұрақты немесе уақытша пайдалануға әзірленген АТҚ-ны, сондай-ақ оған қатысты құжаттамаларды тек лицензиардың келісімімен беру</p> | | | | |

Лауазымды адам (адамдар) _____

лауазымы ҚОЛЫ

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Бақылау

субъектісінің басшысы _____

лауазымы

қолы

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының
2018 жылғы 30 қарашадағы
№ 97/ке және

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 4 желтоқсандағы
№ 94 бірлескен бұйрығына
5-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының
2016 жылғы 25 қазандағы
№ 72 және

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2016 жылғы 9 қарашадағы
№ 471 бірлескен бұйрығына
5-қосымша

Жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды жөндеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты тексеру парағы

(Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес)

Жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды (бұдан әрі – АТҚ) жөндеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты (тексерілетін субъектілердің (объектілердің) біртекті тобының атауы)

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/ профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт _____

(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі), бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

| № | Талаптар тізбесі | Талап етіледі | Талап етілмейді | Талаптарға сәйкес | Талаптарға сәйкес емес |
|----|--|---------------|-----------------|-------------------|------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Жоғары техникалық білімі бар маманның болуы | | | | |
| 2. | Қажетті техникалық құралдар мен бақылау-өлшеу жабдықтарының ең аз түрлерінің болуы: мультиметр; осциллограф; вольтметр; амперметр; жиілік өлшегіш; жоғары жиілікті сигналдардың генераторы; төменгі жиілікті сигналдардың генераторы; ток күші мен кернеуі реттелінетін тұрақты ток көзі; реттелетін айнымалы кернеу көзі (автотрансформатор); өріс индикаторы; дәнекерлейтін станция | | | | |
| 3. | Мәлімделген қызмет түрін жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген өндіріс үй-жайының болуы (меншік құқығында немесе өзге заңды негізде) | | | | |
| 4. | Үй - жай : терезелері темір тормен (егер үй-жай бірінші немесе соңғы қабаттарда орналасса); автоматтандырылған күзет және өрттен қорғау сигнализациясы жүйелерімен; құлыпталатын және мөрленетін темір есіктермен; мөрленетін кемінде бір темір шкафпен жабдықталуы | | | | |
| 5. | Жөнделген және өткізілген АТҚ-ны есепке алу журналының болуы және сәйкес келуі | | | | |
| 6. | Лицензиярды : АТҚ сатып алуға және өткізуге жасалатын келісімшарттар (шарттар) туралы; АТҚ жөндеуге жасалатын келісімшарттар (шарттар) туралы дер кезінде хабарландыру | | | | |
| 7. | Меншік нысанына қарамастан үшінші тұлғаларға тұрақты немесе уақытша пайдалануға өткізілетін немесе жөнделетін АТҚ, сондай-ақ оған қатысты құжаттамаларды тек лицензиардың келісімімен беру | | | | |

Лауазымды адам (адамдар) _____

лауазымы

қолы

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Бақылау

субъектісінің басшысы _____

лауазымы

қолы

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК